Бекітемін.

**Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы**

**Қараша айы 2024 жыл 1 апта**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу. Балалармен әңгімелесу, демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендерін сұрау. **Күй күмбірі** | Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйретуді жалғастыру. **Күй күмбірі** | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу . Баланың бүгінгі көңіл күйі, демалыс күндері қалай өткені туралы жеке пікірін білдіруге тарту **Күй күмбірі** | Балалық шақ күйімен қарс ы алу Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйретуді жалғастыру **Күй күмбірі** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу. Балалармен әңгімелесу, демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендерін сұрау. **Күй күмбірі** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Ұлттық ойын: «Түйілген орамал»<br>Міндеті: Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру<br>**Бір тұтас тәрбие** | Ұлттық ойын:«Әуе таяқ »<br>Міндеті: Шымыр болуға, ұлттық ойындарды ажырата отырып патриоттық сезімдерін қалыптастыру.<br>Жеті лақ» ертегісін мазмұндау. **Бір тұтас тәрбие** | Серуен кезіндегі өзін өзі ұстау ережелері, баспалдақтан түсу қауіпсіздігі туралы әңгіме<br>**Қауіпсіздік ережелері** | Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ»<br>Міндеті: Балалардың адамгершілік патриоттық сезімдерін оятя отырып тәптіпті бала болуға тәрбиелеу.<br>**Бір тұтас тәрбие** | Ұлттық ойын: «Бес асық»<br>Міндеті: Асық туралы жалпы түсінік беру, асықты қалай ату жолын көрсету. **Бір тұтас тәрбие** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Көрнекілік негізінде 8 санының пайда болуымен таныстыру. 8 көлеміндегі санды тура және кері | Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді,синонимдер мен антонимдерді қолдануды,белгілі бір затқа | Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануды | Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. | Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта,оң |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | санауға үйрету | белгілерді,әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білуді дамыту. | дамыту | Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы,тіктөртбұрыш)мен денелерді(шар,текше,цилиндр)дұрыс атап,оларды ажырата білуге жаттықтыру. | жақта,жоғарыда,т... ;қозғалыс бағыттары... жақтан оң жаққа,оң жақтан сол жаққа,жоғарыдан төменге,алға,артқа. |
| **Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырып:** Ақылдылар. Заттардың арасымен фитболды саусақпен жеңіл қозғалту шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Ұжымшылдыққа, қыздарды сыйлауға тәрбиелеу.<br><br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырып:** Менің аулам. Не қайда орналасқан?Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату<br>**Дидактикалық ойын:** не қайда орналасқан? | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырып:** Ақылдылар. Заттардың арасымен фитболды саусақпен жеңіл қозғалту шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Ұжымшылдыққа, қыздарды сыйлауға тәрбиелеу.<br><br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Өскенде мен кім болам?Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Суретпен жұмыс: суретте не бейнеленгенін айтады, заттарды атайды. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырып:** Ең тәтті дүние.<br>Әңгіме мазмұнын толық айту арқылы сөздік қорларын дамыту. Хайуанаттарды жақсы көруге тәрбиелеу.<br><br>**2.Қазақ тілі**<br>**Тақырып:** Балабақшадағы қызметкерлердің атын білу, қарапайым сұрақтар қою және оларға жай сөйлеммен жауап беруге үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br><br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырып:** Бізбен бірге және бізден артық орында.<br>Күш, ептілік секілді | **1.Сауат ашу**<br>**Тақырып:** Бәріміз тақпақ айтамыз. Буын Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Суретпен жұмыс: суретте не бейнеленгенін айтады, заттарды атайды. Сөздерді буынға бөледі, берлген сөзге сөйлем құрайды.<br><br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырып:** Менің мерекем. Заттарды өлшемі (биіктігі, ұзындығы, қалыңдығы) бойынша салыстырамын. | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырып:** Айналамдағы дыбыстар. Дыбыс Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Суретпен жұмыс: суретте не бейнеленгенін айтады, заттарды атайды. Сөздерді буынға бөледі, берлген сөзге сөйлем құрайды.<br><br>**2.Музыка**<br>**Тақырып:** ***Жомарт өлкем***<br>Қазақ халқының музыкасын қабылдау. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3.Музыка**<br>**Тақырып:** ***Жомарт өлкем***<br>Қазақ халқының музыкасын қабылдау. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру. Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптарында ойнауға үйрету. Балаларды туған өлкесін сүюге,аялай білуге тәрбиелеу.<br><br>**4.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырып:**<br>Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлық пен | **3.Математика негіздері**<br>**Тақырып:** Заттарды өлшемі (биіктігі, ұзындығы, қалыңдығы) бойынша салыстырамын.<br>**Дидактикалық ойын.** Көленкесін тап . Заттардың көленкесін табады, биіктігі мен ұзындығын ажыратады, салыстырады.<br><br>**4.Шығармашылық: Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** Кірпілер жанұясы күні бойы жемісжидек жинайды (кірпінің жанұясы)<br>Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.<br><br>**5.Фигураларды есте сақтап қал және сал.** | дене сапаларын және коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту. Ұжым болып бірлесіп тапсырмаларды орындауға және мейірімділік пен тәртіптілікке тәрбиелеу.<br><br>**4.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырып:** Мен білетін жақсы сөздер. Сөз Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br><br>Суретпен жұмыс: суретте не бейнеленгенін айтады, заттарды атайды. Сөздерді буынға бөледі, берлген. | **Дидактикалық ойын.** Көленкесін тап . Заттардың көленкесін табады, биіктігі мен ұзындығын ажыратады, салыстырады.<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>**Тақырып:** сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақ жаттау. Шағын мәтіндер құрау үйрету.<br><br>**4.Көркем әдебиет**<br>**Тақырып:**<br>Алтын бала (әңгіме)<br>Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. | Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру. Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптарында ойнауға үйрету. Балаларды туған өлкесін сүюге,аялай білуге тәрбиелеу.<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Тақырып:** Оқу құралдары хикаясы (ертегі)<br>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды,<br>**Дидактикалық ойын**:Сөмкеге не саламын.<br>Ертегі мазмұнын айтады.<br><br>**4.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырып:** Су – тіршілік көзі<br>Судың адамзат тіршілігіндегі маңызы туралы түсініктерін нақтылау; судың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.<br>**Дидактикалық ойын.** Мен тәртіпті баламын.<br>сөзге сөйлем құрайды. | **(Вариативтікбағдарлама)** | | | қасиеттерімен таныстыру. Танымдық мүмкіндіктерін арттыру; тәжірибе жасай білу дағдыларын дамыту.<br>Суды үнемдеуге тәрбиелеу; топта жұмыс істей білуге, ұжымда өзін дұрыс ұстай білуге дағдыландыру |
| **Балалармен жеке жұмыс** | «Мұнара »<br>Мақсаты: Заттардың түсі, көлемі, пішінін өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. | «Түрлі түсті моншақтар»<br>Мақсаты: ермексазды пайдаланып кішкентай дөңгелектер жасау арқылы,қолдың моторикасын дамыту. | «Пирамида»<br>Мақсаты: Түрлі пішіндерден пирамидаларды құрастыру. Дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыштардың жапсырмаларын қолдану. | «Алмұрт »<br>Мақсаты: Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру.<br>Ермексазды саусақпен басып, домалату, кесектерді біріктіруге үйрету. | «Менің сүйікті ойыншығым»<br>Мақсаты: Ойыншықтың түрлерін көрсетіп,өзіне ұнаған ойыншықтың атын атап, ұқыпты бояуға үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** | | | | |
| **Серуен** | Бақша ауласындағы жапырақтарды жинату.<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Қимылды ойын «Кегли»<br>Балалардың еркін ойыны | Қимылды ойын «Жүгіріп өтуге үлгер»<br>Балалардың еркін ойыны | Қимылды ойын «Кегли»<br>Көңілді әуенге би билеу, ән тыңдау.<br>**(музыка)**<br>Балалардың еркін ойыны | Орманнан шығар жол сызбасын таяқпен жерде сызу<br>**(танымдық іс әрекет)**<br>Қимылды ойын «Кегли»<br>Балалардың еркін ойыны | Қимылды ойын «Соқыр қойшы»<br>Балалардың еркін ойыны |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Психологтың кеңесі: Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау. | Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. | Ата-аналармен әңгімелесу. Балаларды қайтару. | Кеңес: «Бала мен қоғам» |

Бекітемін. [signature]

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
## Қараша айы 2024 жыл 2 апта

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен,денсаулығын тексеріп қарсы алу | Баланы алақан соғу арқылы қарсы алу | Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу | Қызыл жүрекшемен қарсы алу |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Мен отбасымды жақсы көремін. Отбасы мүшелерін бүкіл параққа, бір сызықтың бойына орналыстыра бейнеленген суретті бояу.**шығармашылық,бір тұтас тәрбие** | мен кім болам?Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. **Сөйлеуді дамыту** | Заттарды өлшемі (биіктігі, ұзындығы, қалыңдығы) бойынша салыстырамын.Көленкесін тап .Заттардың көленкесін табады, биіктігі мен ұзындығын ажыратады, салыстырады. **Математика негіздері** | «Түрлі түсті моншақтар» ермексазды пайдаланып кішкентай дөңгелектер жасау арқылы,қолдың моторикасын дамыту. **Шығармашылық дағды** | Ұлттық ойын: «Түйілген орамал»Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.**Бір тұтас тәрбие** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Заттармен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты,ойлау мәдениетін,таным | Заттардың пішіндеріне,бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып,түстер мен олардың реңктерін беру,негізгі | Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру | Бейнелеу әдістерін(штрихтар,бояуларды араластырып,кляксография, жіппен) қолдануын дамыту | Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды:ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу оларға тән ерекшеліктерді беру,қолдың және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | процесінер іктіреттеу,шыдамдылық,ұқыптылық,өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. | пішінді,заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу,түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту . | | | саусақтардың қимы жетілдіру |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырып:** Біз – болашақ әскерміз!<br>Салауаттылыққа, коммуникативтік құзыреттілікке, отансүйгіштікке, азаматтыққа тәрбиелеу.<br><br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырып:** Дөңгелек және сопақша<br>Сопақша геометриялық фигураны тануға және атауға үйрету; дөңгелек және сопақша, сопақша және тікбұрыш арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты табуға; заттардың пішіндерін анықтауға үйрету; заттарды түсі, пішіні, шамасы бойынша ажырату білігін бекіту; | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырып:**Біздің стадион.<br>Шапшаңдық секілді дене сапасын дамыту және кез келген іс-әрекетті ақылғасалып, талдап шеше білулерін дамыту. Спортқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, азаматтық қасиеттерін тәрбиелеу.<br><br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Әжесін қайсысы жақсы көреді? (Әңгіме)<br>Балаларды әңгімені толық тыңдап, мазмұнын айтуға үйрету. Отбасындағы үлкен кісілерді құрметтеп, сыйлауға тәрбиелеу.<br><br>**3.Математика негіздері**<br>**Тақырып:**Шар, текше, цилиндр | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырып:** Қысқа дайындық (ертегі)<br>Әңгіме мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге, сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрауға үйрету.Дыбыстарды түріне қарай ажырата алу дағдыларын дамыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br><br>**2.Қазақ тілі**<br>**Тақырып:** Менің бөлмем<br>Өз үйіне деген жылы сезімдерін арттыру, бөлмесін жинап жүруге тәрбиелеу.<br><br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырып:** Менің отбасым. Менің үйім<br>Басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру. Ұйымшылжәне жинақы болуға тәрбиелеу. | **1.Сауат ашу**<br>**Тақырып:** Буын<br>Сөздерді буынға түрлі әдістермен бөлуді үйрету.Сөздердің лексикалық мағынасына мән бергізу арқылы логикалық ойларын дамыту. Ұқыптылыққа, білімпаздыққа тәрбиелеу.<br><br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырып:** Шар, текше, цилиндр<br>Текше, шар, цилиндрді тануды, атауды үйрету. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту; санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға үйрету.Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырып:** Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз.<br>Сөздерді буынға бөлуді үйретуді жалғастыру.Суреттерді өз сызбасымен дұрыс сәйкестендіру арқылы ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту. Бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.<br><br>**2.Музыка**<br>**Тақырып:** ***Егеменді елім***<br>Әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын,қайырмасын ажырату. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту. Ойын арқылы балаларды достыққа, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | заттарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға (заттар тобынан 2-3 белгісі бойынша затты ерекшелеу). Геометриялық фигуралардан және олардың бөліктерінен модельдеуді жаттықтыру.Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.Шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br><br>**3.Музыка**<br>**Тақырып:** ***Егеменді елім***<br>Әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын,қайырмасын ажырату. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту. Ойын арқылы балаларды достыққа, | Текше, шар, цилиндрді тануды, атауды үйрету. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту; санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға үйрету.Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.Шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br><br>**4.Шығармашылық: «Мүсіндеу»**<br>**Тақырып:** Көгөністер<br>Геометриялық фигураларды қияр, қызылша, сәбіз,т.б. көгөністер пішініне келтіру арқылы мүсіндеу; қолдың ұсақ моторикасын,ойлау қабілеттерін дамыту; адамгершілік,эстетикалық тәрбие беру.<br><br>**5.Сана және көрсет (Вариативтік бағдарлама)** | Отбасына; өзіне деген жылы қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br><br>**4.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырып:** Дыбыстар әлемі<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру. Тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру. Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. | дамыту.Шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>**Тақырып:** Менің Отаным<br>Отан туралы тақпақ үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Отанға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.<br><br>**4.Көркем әдебиет**<br>**Тақырып:** «Үйшік» (театрландырылған ойын)<br>Ертегінің мазмұнын түсіндіру арқылы сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін дамыту, сахналау барысында жағымды-жағымсыз кейіпкерлердің бейнесіне еніп, олардың мінез-құлқын келтіру, түрлі дауыс күшін қолдана білуді жетілдіру, үйлесімді қимылды дамыту,кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерділік | бірлікке тәрбиелеу.<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Тақырып:** «Ақылды лақ» (қуыршақ театры)<br>Әртүрлі дауыс күшін қолдана отырып,кейіпкердің бейнесін бере білуі, өз әрекетін серіктесінің әрекетімен сәйкестендіре отырып, түрлі ырғақта қозғалуды қалыптастыру, кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; тапқырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br><br>**4.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырып:** Өсімдіктерге өсу үшін не қажет?<br>Өсімдіктердің тірі ағза екенін және өсу үшін барлық тіршілік иесі секілді оларға да белгілі бір қолайлы жағдайлар қажеттігі туралы түсінік қалыптастыру.Өсімдіктердің адам өмірі үшін маңыздылығы туралы түсінікті бекіту. Топпен бірге жұмыс істеу, келісімге келу, жанындағы серіктесінің пікірін ескеру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірлікке тәрбиелеу.<br><br>**4.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырып:** Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері Еліміздің рәміздері туралы білімдерін толықтыруӘр рәміздің мән-мағынасын түсіндіру арқылы сөйлеу тілдерін дамыту. Өз елінің тарихын білуге деген қызығушылықтарын тудыру; отансүйгіштікке тәрбиелеу. | | | құралдарын қолдану; балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу. | сынды әлеуметтік құзіреттіліктерін дамыту. Жануарлар мен өсімдіктер әлемін сүюге баулу. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | .......... айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды анық айтуды үйрету. | .............. мазмұнның бірізділігін сақтай отырып, шығарма мазмұнын қайталап айтуға үйрету. | ................. тура және кері санауды үйрету. | .............. өз істерін жауапкершілікпен орындауға тырысуға үйрету. | ...................... тәртіп ережелерін үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** | | | | |
| **Серуен** | Еркін ойындар<br><br>Балалардың сұранысы бойынша «Үш аю» ертегісін оқып беру.<br><br>**Қимылды ойын** | Футбол – берілген бағытта допты домалату. Допты аяқтарымен бір-біріне домалату дағдысын қалыптастыру; | Жапырақтардан құстардың бейнесін құрастыру.<br>Еркін ойындар<br><br>**Қимылды ойын** | Балалардың сұранысы бойынша кітаптан ертегі оқып беру. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік | Балабақша ауласында өсетін жидектерге қарап жидектердің суретін салдырту.<br>**(сурет салу)**<br>Еркін ойындар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Мысық пен тышқан» | **(дене шынықтыру)**<br><br>Еркін ойындар<br>**Қимылды ойын**<br>«Кішкентай маймылдар | «Шымшықтар мен мысық» | нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалату<br>**(көркем әдебиет)**<br>Еркін ойындар. | **Қимылды ойын**<br>«Мысық пен тышқан» |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Бала тілінің дамуы жайлы әңгіме | Балаға ұялы телефонды көп ұстатпау туралы әңгіме | Бала десаулығы мен тазалығы жайлы әңгіме | Баланың эмоционалды көңіл күйі жайлы әңгіме | Баланың қандай дағдыларды меңгере алмай жатқаны туралы әңгімелесу |

Бекітемін

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

## Қараша айы 2024 жыл 3 апта

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Әсем әуенмен қарсы алу | Көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Саусақ театрының кейіпкерлері арқылы қарсы алу | Смайлик арқылы қарсы алу | Достық тілегімен қарсы алу |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың үйдегі көңіл күйін сұрау | Баланың бойындағы өзерістер мен ерекшеліктер жайлы әңгіме | Баланың тәртібі мен денсаулығы жайлы әңгіме | Баланың қалай бейімделіп,не үйреніп жатқаны туралы әңгіме | Баланың тілдік дамуы жайлы әңгіме |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | «Шаршы құрастыр» Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. **Математика негіздері** **Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет** | Отбасы мүшелерінің үйдегі қызметтерін үйрету. **Сөйлеуді дамыту** **Қарым- қатынас іс –әрекеті** | Табиғат неткен көрікті, Жапырақтай жайқалып, Гүлдей жайнап өсеміз. Бір отырып, бір тұрып, Билеп-билеп аламыз. **Қоршаған ортамен таныстыру** **Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті** **Музыка** | «Менің отбасым» Мақсаты: Отбасы мүшелерін таныстыру. Сөйлеу арқылы тілін дамыту. **Сөйлеуді дамыту** **Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет** | «Күз бояуы» Балаларға күз мезгілі жайлы түсінік беру. Күздің ерекшелігін сурет арқылы баяндауға үйрету. Күзгі орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру. **Сөйлеуді дамыту** **Қарым- қатынас іс –әрекеті** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Бақылаған заттың бейнесін бере білуді, затты әр түрлі қалыптарда мүсіндеуді,пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалануды үйрету. | Шаршы немесе тік бұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алуды меңгерту. | Жапсырудың түрлі әдістері(симметриялы,сыңарлысимметриялы,сұлбалы)мен тәсілдерін(тура,қисық қию,ою,флористика элементтерін)қолдануды, түрлі материалдардан(қағаз,мата,табиғи материалдар)жапсыру | Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейненікескіні бойынша қиюүшін қайшыныңолдану дағдысын дамыту. | Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киізүйдіңжасауларымен таныстыру,олардыңқандайматериалдан жасалғанынзерттеуді ұйымдастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дағдыларын жетілдіру. Қайшымен желімді дұрыс қолдану мен еңбек қауіпсіздігі және жеке гигиена ережелерін сақтауды дамыту. | | |
